

**Қытай Халық Республикасы Қорғаныс министрлігінің Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрлігіне өтеусіз әскери көмек көрсетуі туралы атқару хаттамасына қол
қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 13 маусымдағы N 584 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қытай Халық Республикасы Қорғаныс министрлігінің Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрлігіне өтеусіз әскери көмек көрсетуі туралы атқару хаттамасына қол
қ о ю ғ а к е л і с і м б е р і л с і н .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

**Қытай Халық Республикасы Қорғаныс министрлігінің
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне
өтеусіз әскери көмек көрсетуі туралы атқару
хаттамасы**

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі (бұдан әрі - қазақстан Тарабы) мен
Қытай Халық Республикасының Қорғаныс министрлігі (бұдан әрі - қытай Тарабы), екі
мемлекет және олардың қарулы күштері арасындағы достық қарым-қатынасты одан әрі
дамыту мақсатында төмендегілер туралы келісті.

1-бап

Қытай Тарабы 8 000 000 (сегіз миллион) қытай юаньы сомасына өтеусіз әскери
көмек көрсетеді. Ұсынылатын мүліктің атауы мен көлемі осы Атқару хаттамасының
ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшада көрсетілген.

2-бап

Қытай Тарабы осы Атқару хаттамасына қосымшада көрсетілген мүлікті тараптар
белгілеген өкілдер оны тиісті қабылдау мен тапсыруды жүргізетін Алашанькоу
шекаралық пунктіне жеткізуге жауапты болады. Бұл ретте шекаралық пунктке дейінгі
көліктік шығыстарды қытай Тарабы төлейді.

Қазақстан Тарабы Қазақстан Республикасының аумағы бойынша тасымалдау жөніндегі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кедендік төлемдер мен салықтарды төлеу жөніндегі шығыстарды өз мойнына алады.

3-бап

Осы Атқару хаттамасы оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және осы Атқару хаттамасының ережелерін іске асырған сәттен бастап өз қолданысын тоқтатады.

2004 жылғы "___" _____ қаласында әрқайсысы қазақ, қытай, орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрлігі үшін

Қытай Халық Республикасы
Қорғаныс министрлігі үшін

Қытай Халық Республикасы
Қорғаныс министрлігінің
Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрлігіне
өтеусіз әскери көмек
көрсетуі туралы атқару
х а т т а м а с ы н а

ҚОСЫМША

**Қытай Халық Республикасының Қорғаныс министрлігі
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне
өтеусіз әскери көмек ретінде беретін мүліктің
тізбесі**

Р/с N	Мүліктің атауы	Өлшем бірлігі	Саны
1.	Джип модельді "Тойота" автомобилі FZJ100L-GNMNKC	дана	2
2.	Жеңіл модельді "Бьюик" автомобилі GL 2.5	дана	5
3.	"Дружба" жолаушылар автобусы ZGT6730DH3	дана	18
4.	Май сүзгілері	дана	8
5.	Отын сүзгілері	дана	80
6.	Ауа сүзгілері	дана	40
7.	Оталдыру бөлгіші	жиынт.	7
8.	Бүркігіштер	дана	80
9.	Ішпекпен жинақталған иінді білік	дана	2
10.	Цилиндрлі-поршеньді топ	жиынт.	4

11.	Поршеньді сақиналар	жиынт.	10
12.	Қосу клапандары	дана	64
13.	Шығару клапандары	дана	64
14.	Газ тарату тетігінің білігі	дана	40
15.	Газ тарату тетігінің белдігі	дана	40
16.	Клапандармен жинақталған бастиек	жиынт.	3
17.	Жинақталған берілістерді ауыстыру қорабы	жиынт.	3
18.	Жинақталған берілістерді ауыстыру қорабы	дана	3
19.	Салқындату радиаторы (SIEMENS/Jeep 2500)	жиынт.	5
20.	Су сорғы	жиынт.	20

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК